

Соңғы жылдары елде тұрақтылық болды, жағдайды шайқайтын күштер жоқ. Еліміздегі әрбір ұлт өз ана тілінде сөйлеп, сөйлей алады, салт-дәстүрлері мен рухани бағдарларын сақтай алады. Демократиялық нормаларды тұрақтандыру мен дамытуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, халық бірлігін нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясат ұлттық бірлік пен бірегейлікке оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Елді одан әрі жаңарту, шынайы азаматтық қоғамды дамыту, барлық азаматтардың, этностардың құқықтары мен бостандықтарын нығайту бағыты – бұл бүкіл Қазақстанның әл-ауқатының артуы мен өркендеуіне бастайтын жол. Бүгінгі тарихымызды ертеңгі ұрпақ «менің тарихым» деп танығаны маңызды. Өйткені тағдырлас халықтардың қилы кезеңдерде келгені белгілі. Оларды қазақ халқы құшағын ашып, бауырына тартқан. Бүгінгі таңда қазақ халқының аясында ынтымағы жарасқан ел атанып отырмыз. Осының барлығын менің тарихым деп қарауы үшін татулық пен бірлікті ту етіп, нақты істермен болашаққа қадам жасау керек. Өлемде бейбітшілік орнағанын қаласақ, өз еліміздегі ынтымағымызды сақтай білгеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын. Қазақстан халқы Ассамблеясы I сессиясында жасаған баяндамасы // Егемен Қазақстан. 1995. 30 наурыз. - 3 б.
2. Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: автореферат докт. полит. наук. - Астана, 2010. - 40 с.
3. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзі // Саясат. 1995. - №1. - 5 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзі // Саясат. 1995. - №1. - 7 б.
5. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы 2003. – 111 с.
6. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік және келісім саясаты. - Астана, 2008. - 58 б.
7. Тоғжанов Е.Л. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. - Астана, 2012. - 35 б.
8. Тоғжанов Е.Л. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. - Астана, 2012. - Б 40-41.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ

Қалжигіт Гүлдана

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты. Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды [1]. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты. Осы тұста біз Қазақстанның көп этносқа құшағын айқара ашқанын айта кетпесек болмас. Ассамблея ол – ел ішіндегі бірлікті сақтау, тұрақтылықты қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірегейлік пен этносаралық келісімнің болуын қамтамасыз етеді.

Көпэтносты Қазақстан үшін тұрақтылықты, этносаралық келісімді қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басым бағыттарының бірі. Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүргізудің тетігі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылған Ассамблеяның негізгі стратегиялық жұмысы – мемлекет және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру бағытында жасақталған мекеме болып саналады. Жылдар өте келе мемлекеттік биліктің жүргізген сындарлы саясатының негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясы енді түрлі этностардың мүддесін қорғайтын орган емес, ел азаматтарын ортақ мемлекеттік идея төңірегіне топтастыратын және ұлт бірлігін нығайтатын органға айналды.

2022 жылы «Қаңтар қасіретінен» кейін Қазақстандағы саяси билікте терең трансформациялық өзгерістер мен саяси реформалар жүргізілді. Соған сәйкес еліміздің ішкі саясатында оң өзгерістер де орын алды. Енді Парламенттің жоғарғы палатасы Сенатқа бес депутаттық мандатты Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды. Бұл депутаттар азаматтармен кері байланыс жасай отырып, қоғамдық бақылауды заңнамалық деңгейде жүзеге асырады және Қазақстандағы барлық этностың мүддесін Парламентте қорғайды. Сонымен қоса еліміздегі аса беделді кеңесшілік орган

Ұлттық құрылтайға да Ассамблеяның 12 мүшесі сайланды. Олар жалпұлттық диалогтың әмбебап моделін ілгерілету жөніндегі Құрылтайдың жұмысына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің ең басты ұстанымы ынтымақ пен өзара сенім екендігіне тоқталған мемлекет басшысы: «Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын [1]. – деген болатын.

Бүгінгі күнде Ассамблея сессиясы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың белгілеуі бойынша, қажеттілікке қарай, жылына кемінде бір рет шақырылады. Ассамблеяның құрамына мемлекеттік биліктің өкілдері мен қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғалар және республикалық маңызы бар қалалардың, аймақтардың, этномәдени бірлестік өкілдері кіреді.

Ата-бабамыз «Елдің іші береке, көптің іші мереке» деп айтқан. Қазіргі сәтте елімізде 120-дан астам ұлт өкілдері бір атаның баласындай ашық аспан аясында ынтымақ пен бірлікте өмір сүріп жатқандығы даналық сөзімізге айғақ болып тұрғандай-ақ. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Қазақ даласына тоталитарлық тәртіп жылдары әр қилы саясатпен жер аударылып келген диаспоралардың ұрпақтары Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде Қазақстандық бірегейлікті сақтауға, мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге күш салды [2, 55 б.].

Ассамблея жұмысының басты мақсаты Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жанғыруы мен дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Себебі, сол кездегі посткөпенестік елдердің барлығында дерлік ұлтаралық ынтымақ, бірлік, татулықты сақтау мәселесі басым болды. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір ұлт өкілдерінің мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік болып табылады, сондай-ақ полиэтносты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде де қалыптасты. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштікке, бауырмашылдыққа тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз зор үлес-енбегін қосып келеді. Және жастардың патриоттық сезімін оятып, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени саласын одан әрі дамытуға, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету – бұл мекеменің басты саясаты болып саналады [3, 25 б.].

«Әділетті Қазақстан» жағдайы аясында іс-шаралар өткізу – бүгінгі күнде жақсы жолға қойылған. Ассамблеяда «Тарихтан – тағылым, өткенге тағзым», ғылыми-ағартушылық жобасы, «Елтану» экспедициясы тарихи-этнографиялық жобасы, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі», «Мың бала», жобалары мен акцияларын да өткізеді. Еліміздің жаңа тарихының шешуші кезеңдерінде Ассамблея әрдайым тұрақтандырушы және біріктіруші рөл атқарады. Қазақстан халқы ықпалдастығының бағыттары мен векторларының барлық спектрін көрсете отырып, ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі күрделене түседі. Рухани-мәдени интеграция үдерістерінің маңызды құрамдас бөлігі – тарихи сананы жаңғырту барлық этностарды біріктіруші бірлік негіздері, біздің дүниетанымыздың, халықтың өткені, қазіргі күні және іргелі негізі болып саналады [4, 7 б.].

Тәуелсіздік жылдарында сындарлы саясаттың арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасты. Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны – соның айқын көрінісі. Бұл – біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз. Ең алдымен қоғамның ішкі тұрақтылығын сақтау әрбір азаматтың парызы болмақ. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз және сол мақсаттарға жетуге кәміл сенеміз. Ассамблея – татулықтың тұтқасы. Қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісімнің дінгегіне айналды.

Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт болып саналатын қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес. Халқымызда «тар жерде табысқан, кең жерде келіседі», – ұлағатты сөз бар. Ең тар замандарда қазақ құшағына алған өзге этнос өкілдері бүгінде өз бауырларымыз атанып, бізбен бір халыққа айналды. Оған дәлел, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді. Қазақстан Республикасының ұстанымы: қазақстандық азаматтар өзінің этникалық болмысына қарамастан тең құқылы. Қазақстанда этникалық азшылықтаға азаматтарымыздың тілін ұмытпай, қайта олардың мәдени-рухани дамуына барлық жағдайлар жасалған. Мысалы, әлемде эяк тілінде ең соңғы болып сөйлеген, 2008 жылғы қаңтарда дүниеден өткен Мэри Смиттің: «Сенің тілінде сөйлейтін соңғы адам болу өкінішті. Мен сияқты жалғыз қалмау үшін өз бастауларыңа қайта оралып, өз тілдеріңді үйренулеріңді өтінемін», – деген қасіретке толы үндеуі әлемдік өркениет үшін сабақ болуы керек. Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Біз тіпті ең шағын этностық топтар – ассириялықтардың, рутулардың, лактардың және басқа да топтардың мәдениеттерін ұқыптылықпен сақтаймыз және оларды дамыту үшін барлық мүмкіндіктер жасаудамыз. Жалпы Қазақстанның басқа ұлттардан ерекшелігі осында. Әрбір ұлтқа жанашыр болып, өзге ұлтқа құшақ жайып, бірлік пен татулықты мығым ұстауында.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Ассамблея сессиясында: «Қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды. Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің дамуына айрықша назар аударуға ықпал етеді. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз біртіндеп осыған келе жатырмыз. Бүгін біз өз бетінше қазақ тілін жетік меңгеріп, оны қоғамда кеңінен насихаттап жүрген азаматтарды марапаттаймыз. Бұл өте пайдалы әрі саяси тұрғыдан маңызды жұмыс деп ойлаймын. Мемлекет олардың түрлі жетістіктеріне, соның ішінде саяси сипаттағы табыстарына да назар аударады және оларды барынша қолдайды. Қазақстан – қазақ тілі мемлекеттік тіл саналатын көп тілді ел, болашақта да солай бола береді. Бұл – біз үшін орасан зор басымдық [5] – деп бұл бірегей ұйымның Қазақстан қоғамындағы аса өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге ат салысуға шақырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді. Жалпы алғанда біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі қалыптасқан. Еліміздің азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдаланады. 2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Осы айтулы датаға орай елімізде қоғамдық-саяси және мәдени-рухани тұрғыда мемлекеттік іс-шаралар өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу». – // Егемен Қазақстан. – 2024. – 25 сәуір.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 720 б.
3. Қазақстандағы этносаралық қатынастар: проблемалары және тарихи тәжірибе» Қызылорда: Тұмар, 2003 – 64 б.
4. Тоғжанов Г.В., Кан В.С., Шаяхметов Н.Х. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк. – Алматы: Раритет, 2010. – 328 б.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзі. Ақ орда. 2024 ж. 25 сәуір.

КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКОГО ЭТНОСА ПО ШОКАНУ ВАЛИХАНОВУ

Адилов А.Ж.

Научный руководитель: асс. профессор, доктор Ph.D, С.Т. Дюсупова

Международный Университет Астана

Adlet.zhambulovich4@icloud.com

г.Астана

Актуальность трудов великого казахского исследователя Ш.Валиханова сохранилась до сегодняшнего дня. Современные исследования такие как Ишембетов И. Р. Айдарова Х.Г. и другие ученые продолжают изучать вопросы по научным трудам Ш.Валиханова. Культура и быт казахского народа является стержнем в сохранении этнического устройства казахов, составляя целый комплекс традиций, обычаев и ценностей, сформировавшихся под влиянием географического расположения, климата, кочевого образа жизни и исторических событий и конечно же применяемой политикой.

С момента присоединения Младшего жуза к Российской империи начинают проявляться различные интересы по изучению казахского края. Царская власть стала направлять своих подчиненных губернаторов, чиновников, историков и других исследователей для изучения казахского народа. Таким образом, среди которых был направлен российский офицер, выпускник Омского кадетского корпуса Ш.Валиханов, в качестве знающего казахский язык и ментальность народа. До сегодняшнего дня, труды, собранные Ш.Валихановым являются информационным кладом и сокровищницей по культуре и быту казахского этноса.

Идеи Шокана Валиханова способствовали к культурному сближению казахского и русского народов. Шокан Валиханов, как многие другие мыслители полагали, что Россия является ключом к просвещению. Целью данной статьи является раскрыть важность этнографических исследований Шокана Валиханова и описать культуру и быт казахского народа в 18-19 вв. Задачи: изучение взглядов его современников; изучение исследования Шокана Валиханова; анализ трудов современных исследователей; изучение его вклада в